

**Қазақстан Республикасының автомобиль жолдарын орташа жөндеуге арналған техникалық құжаттаманы ведомстволық сараптаманың қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2005 жылғы 31 қазандағы N 337-І Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2005 жылғы 10 қарашада тіркелді. Тіркеу N 3929.

**Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.03.2023 № 196 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Автомобиль жолдары туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының автомобиль жолдарын орташа жөндеуге арналған техникалық құжаттамаға ведомстволық сараптаманың қағидалары бекітілсін.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.03.2023 № 196 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Көлік инфрақұрылымын дамыту комитеті (Б.С.Камалиев) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне белгіленген тәртіппен ұсынсын.

3. "Қазақстан Республикасының жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарын жөндеуге арналған техникалық құжаттамаға ведомстволық сараптама жүргізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің 2002 жылғы 26 желтоқсандағы N 440-І бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2114 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерінің бюллетенінде жарияланған, 2003 ж., N 25-26, 861-құжат) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация бірінші вице-министрі Ә.Қ. Құсайыновқа жүктелсін.

5. Осы бұйрық оның ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Қазақстан Республикасы  
Көлік және коммуникация  
министрінің 2005 жылғы  
31 қазандағы № 337-І  
бұйрығымен бекітілген

## **Қазақстан Республикасының автомобиль жолдарын орташа жөндеуге арналған техникалық құжаттамаға ведомстволық сараптаманың қағидалары**

**Ескерту. Қағидалар жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.03.2023 № 196 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Қазақстан Республикасының автомобиль жолдарын орташа жөндеуге арналған техникалық құжаттамаға ведомстволық сараптаманың қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Автомобиль жолдары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленген және Қазақстан Республикасының автомобиль жолдарын орташа жөндеуге арналған техникалық құжаттамаға ведомстволық сараптаманы ұйымдастыру мен жүзеге асыру тәртібін анықтайды.

### **2-тарау. Ведомстволық сараптама жүргізудің тәртібі**

2. Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) автомобиль жолдарын орташа жөндеуге арналған техникалық құжаттамаға ведомстволық сараптама (бұдан әрі – ведомстволық сараптама) – бұл Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Автомобиль жолдары комитетінің "Жол активтерінің сапасы ұлттық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорын (бұдан әрі – Орталық) жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарын орташа жөндеуге арналған техникалық құжаттамада қабылданатын шешімдердің негізділігі деңгейін арттыру мақсатында сараптау объектісіне талдау бағасын алу үшін жол саласы ұйымдарының өтінімі бойынша жүргізетін бағалау іс-қимылдары мен тұжырымдау жүйесі;

2) тапсырыс беруші - автомобиль жолдарын салу, реконструкциялау, жөндеу және күтіп-ұстау бойынша тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер, сондай-ақ заңды тұлғалар;

3. Ведомстволық сараптаманың мақсаты қабылданған шешімдердің негізділігін және ұсынылатын техникалық құжаттардағы көрсеткіштердің дұрыстығын айқындау, сондай-ақ қабылданған жобалық шешімдердің Қазақстан Республикасының нормативтік-техникалық құжаттарына сәйкестігін белгілеу арқылы техникалық құжаттамаға талдау және бағалау жүргізу болып табылады.

Ведомстволық сараптама жүргізу барысында жобаларды:

1) қабылданған көлемдік-жоспарлау және конструктивтік шешімдердің, қолданылатын материалдар мен инженерлік жабдықтардың негізділігіне, құрылыс

конструкцияларының, оның ішінде автомобиль жолы мен жол құрылыстарының көліктік-пайдалану жай-күйін жақсарту тиімділігінің тікелей көрсеткіштеріне қол жеткізуге бағдарланған жөндеу көлемдерінің сенімділігі мен беріктігіне;

2) техникалық құжаттамада көзделген автомобиль жолдарын орташа жөндеу көлемдерінің негізділігі мен орындылығына;

3) көрсеткіштердің, оның ішінде автомобиль жолдарын орташа жөндеудің есептік немесе сметалық құнының негізділігі мен дұрыстығына бағалау бойынша міндеттер орындалады.

4. Орталық мамандарының арасынан құрылған сараптамалық топ мынадай кезеңдерден тұратын автомобиль жолдарын орташа жөндеуге арналған техникалық құжаттамаға ведомстволық сараптама жүргізеді:

1) техникалық құжаттаманы алдын ала сараптау (учаскені верификациялау және толықтығын тексеру);

2) техникалық бөлімнің сараптамасы;

3) сметалық бөліктің сараптамасы.

Ведомстволық сараптама жүргізу барысында сараптамалық топ:

1) тапсырыс берушілерден қажетті құжаттар мен ақпаратты сұратады және алады;

2) теріс және оң қорытындылар береді;

3) қолданыстағы нормативтік-құқықтық және техникалық құжаттарға сәйкес оларды жою үшін тапсырыс берушіге жобаның техникалық шешімдері бойынша ескертулер мен ұсыныстар жібереді.

Сараптамалық топ мынадай жағдайларда:

1) Тапсырыс берушінің техникалық құжаттамасы бойынша сараптамалық топтың 3 (үш) жазбаша ескертпесі болған кезде;

2) сұрау салуды алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде сұрау салынған құжаттарды ұсынбау;

3) сараптама тобының берілген ескертулерін жазбаша ескерту берілген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде жоймау.

4) тапсырыс беруші қабылдаған жобалық шешімдердің техникалық құжаттамада Қазақстан Республикасының нормативтік-техникалық құжаттарына сәйкессіздігі анықталған кезде теріс қорытындылар береді.

**Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Көлік министрінің м.а. 07.04.2026 № 85 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

5. Ведомстволық сараптама жүргізу үшін Орталыққа мынадай құжаттар ұсынылады :

1) еркін нысандағы ведомстволық сараптама жүргізуге арналған өтініш;

2) тапсырыс берушімен бекітілген техникалық тапсырма;

3) еркін нысандағы жұмыстардың ақаулы ведомосі;

4) еркін нысандағы жұмыс көлемінің ведомосі;

5) сметалық құжаттама.

6. Техникалық құжаттамаға ведомстволық сараптама жүргізу ұзақтығы күнтізбелік 36 (отыз алты) күнінен аспауға тиіс.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 07.04.2026 № 85 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Жобаны іске асыру барысында бекітілген техникалық құжаттамаға жобалық шешімдерге, қолданылатын жол-құрылыс материалдарына және жол жамылғысының құрылымына қатысты өзгерістер енгізуге жол берілмейді.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 07.04.2026 № 85 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Бұрын бекітілген техникалық құжаттама егер оң қорытынды берілген күннен бастап бір жыл ішінде жөндеу жұмыстары басталмаса, мердігерлік ұйыммен шарт жасалмаса немесе бұзылған болса, осы Қағидаларға сәйкес қайта сараптама жүргізуге және қайта бекітуге жатады.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 07.04.2026 № 85 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8-1. Жөндеу жұмыстары басталмаған және мердігер анықталмаған нысандар бойынша бағалар мен жобалық шешімдерді өзектендіру кезінде бұрын берілген қорытындының күшін жоя отырып, бұрын берілген техникалық құжаттаманы қайта бекітуге рұқсат беріледі.

Ескерту. Қағидалар 8-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Көлік министрінің м.а. 07.04.2026 № 85 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Ведомстволық сараптамаға жататын, бірақ белгіленген тәртіппен оны өтпеген қолданыстағы автомобиль жолдарын орташа жөндеуге арналған техникалық құжаттама аяқталмаған болып есептеледі және оны пайдаланып, жөндеу жұмыстарын орындауға жол берілмейді.

10. Техникалық құжаттаманы осы Қағидаларға сәйкес жүргізілген сараптамалық топтың оң қорытындысынсыз бекітуге жол берілмейді.

11. Сараптамалық топтың оң қорытындысын алғаннан кейін техникалық құжаттама тапсырыс берушімен бекітіледі.

### **3-тарау. Қорытынды ережелер**

12. Сараптама тобының шешімімен келіспеген жағдайда тапсырыс беруші оған Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің нормаларына сәйкес шағымдануға құқылы.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 07.04.2026 № 85 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Сараптамалық топтың мүшелері қаралатын техникалық құжаттама бойынша құпиялылықты сақтауы тиіс.